

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«Білім беру жүйесіндегі практикалық психологияны ұйымдастыру»
оқытушылар мен мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсы (Мекеме, Колледж,
Мектеп, Бала-бақша, Білім беру ұйымдарының педагог-психологтарына
арналған)

Бағдарлама авторы:

Усенова С.М.- «Инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімделу»
орталығының аға үйлестірушісі, «Әлеуметтік психология» кафедрасының аға
оқытушы, психология ғылымдарының магистрі

Бағдарлама келесі нормативтік-құқықтық құжаттарды ескере отырып әзірленген:

Бағдарламаның тақырыптық-күнтізбелік жоспарын әзірлеу барысында келесі нормативтік-құқықтық құжаттар басшылыққа алынды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңдары. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>);

«Білім беру жүйесіндегі практикалық психологияны ұйымдастыру» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы келесі құқықтық-нормативтік құжаттар негізінде жасалды: ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс жасау қағидалары» туралы №377 бұйрығы (25.08.2022), ҚР Білім және ғылыми министрлігінің «Оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары» №4 бұйрығы (12.01.2022) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618> және «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» №6 бұйрығы (12.01.2022) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513>.

Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптары.

1. Жалпы ережелер

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы (2023ж.) жоғары оқу орындарын ірілендіру саясаты барысында педагог-психологтардың біліктілігін арттыру, бәріне бірегей білім беру үшін интернет жылдамдығы жоғары және білім берудің цифрлы ресурстары тегін әрі қолжетімді болуын қамтамасыз ету, психологиялық қолдау қызметін институционалды түрде күшейту қажеттігін ерекше атап өтті.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында: «Белсенді тұлғалар мен балаларды анықтау, дамыту және қолдау жөніндегі жұмысты жетілдіру, тұлғалардың мүдделерін қорғау, тұлғаның қауіпсіз өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етуге арналған», -делінген.

Білім беру үдерісінде негізгі базалық ғылымды игеру ғана емес, сонымен қатар жоғары дәрежеде рухани мәдениетті және жеке тұлғааралық, этносаралық қарым-қатынас мәдениетін, тұлғаны өзіндік анықтау және өзіндік жүзеге асыру дағдысын, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қамтамасыз ету. Педагог пен бала нысан болып табылатын құнды қарым-қатынасты қалыптастыруда жасалады.

Тәрбие үдерісі жеке тұлғаны қалыптастырудағы кең түрдегі үдерістің бір бөлігі болып табылады, сонымен қатар отбасындағы тәрбиені, ортаның әсерін, баланың әлеуметтік ортасымен мектептегі тәрбие мен оқытуды біріктіреді.

Қазіргі уақытта тәрбие жүйесінде бірқатар күрделі мәселелерді шешуді қажет етеді:

- 1) балалар мен жасөспірімдердің бұқаралық мәдениетке бейім болуы;
- 2) еңбек тәрбиесінің рөлінің төмендеуі;
- 3) отбасы тәрбиесіндегі отбасылық құндылық және дәстүрлеріміздегі рөлдерінің әлсіреуі;
- 4) әлеуметтік жетімділік;
- 5) нашақорлық, ішімдікке құмарлық, темекі тарту, жасөспірімдік жүктілік жағдайлары.

Білім беруді ұйымдастыруда өзекті тәжірибелік міндеттеріне тәлімгер мен баланың тұлғалық әлеуетін дамытатын және қолдайтын әлеуметтік ортаны қалыптастыру болып табылады. Осындай ортаның маңызды сипаттамасы – тұлғаны оның жай күйін, өзіндік қарым-қатынасын қорғау күйін қамтамасыз ететін психологиялық қауіпсіздік. Психологиялық қауіпсіздік – тұлғаның психологиялық денсаулығын сақтап, толыққанды дамуының маңызды шарты.

Тәрбие беру жүйесінде туындайтын жағдайлардың негізгі себептерінің бірі педагогтердің қажетті кәсіби деңгейінің жеткіліксіздігі. Осыған байланысты тәрбие беруде жалпы білім беретін мекеме, колледж, мектеп, бала-бақша қауіпсіз психологиялық білім беру ортасын құруға, күш көрсетуді болдырмау, адамның рухани дүниесін қалыптастыруға, тәрбие берудің және тұлғаның тәрбие деңгейін бағалауда пайдалануға қабілетті жаңа бағдарламаны құру қажеттілігі туындады. Қазіргі жаңартылған тәрбие бағдарламасы қазіргі педагогикалық технологияларды, интерактивтік әдістерді, жаңартылған

әдістемелерді, «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясы негізінде тәрбиенің мазмұны және құрылымын, отбасының тәрбиелеу құндылығын, тәрбиелеу мен оқытудың интеграциясын, үздік әлемдік тәжірибесін құрау қажет.

Мұндай жағдайда тұлғаны әлеуметтендіру және тәрбиелеу үдерісінің нәтижесінің деңгейі мен сапасын арттыруда педагогтердің кәсіби рөлі жоғарылайды. Сондықтан барлық білім беру үдерісін психологиялық сүйемелдеу маңыздылығын ескере отырып, мекеме, колледж, мектеп, бала-бақша тәрбие үдерісін іске асыруда ең басты, жауапты рөл педагог-психологке жүктеледі.

Қазіргі педагог-тәрбиеші моделі:

- 1) ҚР патриоты және азаматы болуы тиіс;
- 2) жалпы адамзаттық құндылықтар негізіндегі идеялық көзқарастары қалыптасқан;
- 3) қазіргі білім беру ортасында, педагогикада, әдістемеде, методологияда, философияда мақсатты бағдарлауды түсінеді;
- 4) тәрбие үдерісін этнопсихология, этнопедагогика және этномәдениеті негізінде ұйымдастырады;
- 5) балаларды тәрбиелеудің әдіс-тәсілдері, инновациялық технологиялар және әдістемелерді меңгерген;
- 6) өмірге әлеуметтік бейімдеу мақсатында балаларды белсендіру
- 7) іс-әрекетінде тәрбиелеудің тиімді әдістерін қолданады;
- 8) кері байланыс әдіс-тәсілдерін біледі, қолданады;
- 9) баланың психологиялық-физиологиялық, педагогикалық даму ерекшеліктерін жақсы біледі;
- 10) қарым-қатынас мәдениетін, білім берудің шығармашылық мәдениетін, педагогикалық әдеп негізінде өзін-өзі реттеу тәсілдерін меңгерген;
- 11) әр жақты білімді және ой-өрісті, толерантты және өзгелерді қолдауға қабілетті;
- 12) тұлғаның шығармашылық және әр тұлғаның зияткерлік қабілеттерін дамытады, қолдайды;
- 13) кәсіби және тұлғалық ортада өзін-өзі іске асыруға талпынады

Белсенді тұлғалар мен балаларды дамытушылық жұмыстың негізгі бағыттары топтық және жеке рефлексияны ұйымдастыру, тұлғалар мен балалар өзін-өзі таныстыру, интроспекция, өзін-өзі бақылау, еңбекті ұйымдастыру, жоспарлау, тиімді қарым-қатынас, топтық тренингтер және т.б. тәсілдерін игеруге бағытталған. Оқытудың мұндай ерекшеліктері тұлғалар мен балалардың жеке даму траекториясын тиімді жоспарлауға және нәтижеге бағдарлауға оң ықпал етеді.

Бағдарлама нәтижелері әрбір белсенді тұлғалар мен балаларға жеке және сараланған қатынасты қалыптастыруға, ата-аналар, туыстар және жалпы қоғаммен ынтымақтастықты нығайтуға, сондай-ақ, материалдық-техникалық базаны жақсартуды қоса алғанда инклюзивті білім беру жағдайында белсенді тұлғалар мен балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін одан әрі жетілдіруге арналады. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу маман мен тұлғалар мен балалардың жеке дамуына жағдай жасауға, қажетті

құзыреттерді қалыптастыруға және күрделі өмірде қолдауға бағытталған өзара әрекеттесу процесі ретінде анықталады.

Қоғамдағы белсенді тұлғалар мен балаларды оқыту жетістіктері: оның адамгершілігін, әлеуметтік-экономикалық дамудың жоғары деңгейін, елдегі адами капиталды пайдаланудың тиімділігін көрсетеді.

Ұсынылып отырған «Білім беру жүйесіндегі практикалық психологияны ұйымдастыру» біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы осы міндеттерді шешуге бағдарланған.

2. ГЛОССАРИЙ

Практикалық психология - психология ғылымында практикада қолданумен айналысатын психологияның бір саласы

Әлеуметтік жетімділік - бұл жеке тұлғаның қоғамға бейімделуі, оның әлеуметтік қабілеттерін дамытуы.

Бұқаралық мәдениет - (бұқаралық мәдениет, ағылш. mass culture; танымал мәдениет, ағылш. popular culture; поп-мәдениет, ағылш. pop culture; көпшілік мәдениет) - қазіргі қоғамда кең тараған тұрмыс, ойын-сауық және ақпарат мәдениеті. Оған бұқаралық ақпарат құралдары (соның ішінде интернет, теледидар, радио), спорт, кино, музыка, бұқаралық әдебиет, бейнелеу өнері және т.б. құбылыстар кіреді.

Психологиялық қауіпсіздік - бұл жеке адамдар келемеждеуден немесе жазалаудан қорықпай пікір білдіруге, қателіктерін мойындауға және тәуекелге баруға қауіпті сезінетін орта.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу технологиялары - бұл оқу процесінде әр баланың сәтті дамуы мен оқуы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын тұтас жүйе.

Психофизиологиялық даму ерекшеліктері – психофизиологиялық даму ерекшеліктері – бұл адамның психикалық және физиологиялық өзгерістерінің бірлескен дамуы.

Психологиялық көмек - өмірдің әртүрлі салаларындағы психологиялық сипаттағы мәселелерді шешуде психикалық сау адамдарға көмектесуге бағытталған психологияны практикалық қолдану саласы.

Психологиялық орта - адамдар арасындағы экономикадан тыс қарым-қатынастар, оған адамдардың бір-біріне – деген әр түрлі сыйластық немесе немқұрайдылық қарым-қатынастары кіреді.

Психологиялық қызмет жүйесі - бұл білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің құрылымы, мамандар құрамы, жылдық жоспары.

Орта білім беретін ұйымдардағы психологиялық жұмыс бөлімінің құрамына орта білім берем ұйымының басшысының (директордың) орынбасары, педагог-психолог, әлеуметтік педагог кіреді.

Құзыреттілік - белгілі бір саланы тиімді меңгеруге және практикалық тұрғыдан қолдануға мүмкіндік беретін білім, дағды және қабілеттер жиынтығы.

Методология - белгілі бір ғылым немесе қызмет саласын зерттеудің әдістері мен тәсілдері жүйесі.

Әлеуметтік бейімдеу - индивидтің әлеуметтік орта жағдайларына белсенді бейімделу процесі.

Әлеуметтендіру - сана-сезімі, психикасы, мінез-құлқына нұсқан келген не болмаса басқаларға ұқсамайтын ерекше қабілетті жасөспірімдерді қоғамдық ортада толыққанды өмір сүруіне қайтару үшін істелетін жұмыс жүйесі.

Қауіпсіз білім беру орта – бұл білім беру процесінің барлық қатысушыларын өрт, табиғи, экологиялық және техногендік апаттар, террористік қауіптер, экстремизм және адамға зорлық-зомбылық жасау сияқты төтенше жағдайлардан қорғауды ұйымдастыратын орта.

Жалпы адамзаттық құндылықтар – бұл адамдардың барлығы үшін маңызды құнды қасиеттер. Олар адамгершілік, эстетикалық талғамдар, мінез-құлық ерекшеліктері, адамның күш-жігері және әлеуметтік тәртіп салаларында жатыр.

3. Бағдарламаның тақырыбы

1. нормативті-құқықтық модуль	Модульдің міндеті Бағдарламаға қатысушыларды нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру, сондай-ақ модуль ҚР әлеуметтік-экономикалық өзгерістер өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің жаңа параметрлері Қазақстан Республикасында білім беру нәтижелерінің жеткен жетістіктерді бағалау жүйесі оқытудың дәстүрлі әдістер жүйесін мақсаттарды толығымен қарастырады. Бұл үдеріс әртүрлі бастапқы мүмкіндіктермен балалар мен оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуге қатысты оқу-тәрбие үдерісінің тәжірибесіне және педагогикалық теориясына өзгерістермен сүйемелденеді.
2. психологиялық-педагогикалық модуль	Тәрбие мазмұнын жаңарту жағдайында мектептегі тәрбие үдерісін психологиялық-педагогикалық қолдау. Мектепте қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету ұстанымдары. Психологиялық қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету. Мектептегі білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігінің құрылымдық моделі критерийлері. Оқушылардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескеріп, нашақорлықтың, уытқұмарлықтың, маскүнемдіктің, шылым шегудің, АҚТҚ жұқпасының алдын алу. Психологиялық диагностика қортындысының нәтижесі негізінде дамыту және түзету бағдарламаларын жүзеге асыру және жасау Білім беру үдерісін психологияландыру, мұғалімдер, балалар және ата-аналардың психологиялық мәдениетін жоғарылатуды қамтамасыз ету
3.мазмұндық модуль	Мекеме, бала-бақша, білім беру ұйымдардың сонымен қатар, инклюзивті тәжірибе сапасын басқару жүйесі. Білім беру үдерісіне ерекше білім алу қажеттіліктері бар белсенді тұлғалар мен балаларды қосу сапасын басқару жүйесінің теориялық негіздері.

	Инклюзивтік саясат, тәжірибе және мәдениетті жасау. Инклюзивті университеттің сапасын басқару жүйесінің моделі. Инклюзивті білім беру сапасын басқару жүйесі. Мекеме, бала-бақша, білім беру ұйымдарда қатысу атмосферасын дамыту. Мекеме, бала-бақша, білім беру ұйымдарда оқу-тәрбие үдерісінде ерекше білім алу қажеттіліктері бар белсенді тұлғалар мен балаларды қосу сапасын басқару.
4. технологиялық модуль	Модульдің мазмұны - Білім беру мазмұнын жүйелі жаңарту жағдайында педагогтердің АКТ-құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін меңгеру. Ерекше қажеттілігі бар белсенді тұлғалар мен балалар үшін қашықтан оқыту технологиясы. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы мобильдік және смарт оқыту. - Мүгедектігі бар белсенді тұлғалар мен балаларды түзете-дамыта оқыту технологиясы.
қорытынды бағалау	Бағдарламаға қатысушылардың білімдерін, қалыптасқан біліктері мен дағдыларын тестілеу арқылы бағалау

4. Мақсат, міндеттер және Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Курстың мақсаты:

Қазіргі кезеңдегі психологиялық қызметтің негізгі жұмыс бағыттарын тиімді жүзеге асыра алатын психологтарды кәсіби тұрғыдан жетілдіру. Мекеме, колледж, мектеп, бала-бақша білім беру ұйымдарда күш көрсетуді болдырмау, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру, өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын-алуға мүмкіндік беретін тәрбие беру үдерісінде психологиялық қолдаудың тиімді жүйесін құру арқылы әлеуметтік педагогтерінің, педагог-психологтердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

Курс міндеттері:

1. Қазіргі кезеңдегі психологиялық қызметтің негізгі құжаттарымен таныстыру;
2. Психологиялық қызмет жұмысын ұйымдастыру дағдыларын дамыту;
3. Білім беру ұйымдарында тәрбиелік үдерісті реттейтін нормативтік-құқықтық базаны зерттеу;
4. ҚР орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде тәрбие бағдарламасының мазмұнын оқып-зерттеу;
5. Психологтың функцияларына талдау жұмысын жасау;
6. Тұлғаға-бағдарланған, субъект-субъектілік қарым-қатынасының құрылуы, сыни ойлау және серіктестікке ынталандыратын қажеттілігі негізінде

оқушылармен белсенді және қарқынды қарым-қатынасына көшуді қалыптастыру;

7. Психологиялық қызметтің негізгі жұмыс бағыттарын қарастыру;

8. Білім беру және тәрбие мазмұнын жаңартудың қажеттілігі мен байланысын зерттеу, мазмұнын ашу;

9. Әлемдік жетістіктердің мектеп тәжірибесін және тәжірибелерді кіріктірумен байланысты білім беру мазмұнын жаңарту ерекшеліктерін анықтау, оқып-зерттеу;

10. Психологиялық жұмыстың бағыттарын жүзеге асыру формаларын ашып қарастыру;

11. Тәрбиенің күтілетін нәтижесіне сәйкес құрылған тәрбие мақсаты жүйесіне бағытталған дағдыларды қалыптастыру;

12. Өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алуды ұйымдастыру дағдысын қалыптастыру;

13. Ақпарат пен білімді өз бетінше алу, шешімді өз бетінше қабылдауды қалыптастыру негізінде тұлғаның әлеуметтенуін интербелсенді және бағытталған тәрбие беру және ауысу қажеттілігін түсіну;

14. Психологиялық қызметтің өзекті мәселелері мен психологтың кәсіби қызметін жетілдіру технологиясын зерделеу;

15. Өз ойын ашық көрсетуге, топпен жұмыс істеу, өзгерістерге үйрену, жаңалыққа бейім, сыншыл және қабілетті болу дағдысын дамыту.

Курстың практикалық маңыздылығы

Мекеме, бала-бақша, білім беру ұйымдары жұмысын жоспарлаумен таныстыру - біліктілікті арттыру жүйесіндегі маңызды міндеттердің бірі. Курс бағдарламасы тыңдаушыларды практикалық психология саласындағы бағдарламалық құжаттармен, заңнамалармен және нормативтік құжаттармен, заманауи инновациялық үдерістер тұрғысынан кіріктірілген оқыту ортасында білім беруді дамыту келешегімен таныстыруға арналған. Бағдарлама қазіргі кезеңдегі психологиялық қызметтің негізгі жұмыс бағыттары мен құжаттарының түрлерін теориялық, практикалық, әдістемелік тұрғыдан қарастыруға бағытталған. Оқу курсына базалық жалпы теориялық даярлықты және психолог маманның тәжірибелік дағдыларын қамтамасыз етуге бағытталған теориялық және практикалық модульдер оқытушыларға көмек көрсете алуы мүмкін.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

1. Қазіргі кезеңдегі психологиялық қызметтің негізгі құжаттарымен танысады;

2. Жаңашыл білім берудегі толыққанды қазақстандық жаңа тұрпатты психолог - әлемдік және қазақстандық педагогикалық тәжірибені пайдалануда дәлелденген жаңа форматты психолог;

3. Білім, білік, дағды, құзыреттіліктері дамиды;

4. Оқу-тәрбие үдерісінің психологиялық қолдауды ұйымдастыруы және мазмұны;

5. Психологиялық қызметтің жұмысын ұйымдастыру әдістемесін жетілдіреді;

6. Тәрбие бағдарламасын жүзеге асырудың желісі және мазмұны;
7. Тұлғаның тәрбиелік деңгейін бағалау технологиясы;
8. Адами капиталды дамытудың әлеуметтік-психологиялық технологияларын меңгереді;

5. Бағдарлама құрылымы мен тақырыптары

1. нормативті-құқықтық модуль	1.1 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы). Бағдарламаның паспорты. 1.2 Қазақстанда білім беруді және ғылымды дамыту бойынша жүйелі шаралар. Білім және ғылым сапасын жақсарту жөніндегі шаралар. 1.3 Бағдарламаны талдамалық және ақпараттық-медиалық сүйемелдеу. Психолог қызметкерлердің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету. 1.4 Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасы. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері. Білім беру жүйесі. Білім беру мазмұны. Білім беру қызметін ұйымдастыру. 1.5 Қазіргі кезеңдегі психологиялық қызметтің негізгі құжаттарының түрлері 1.6 Психологиялық қызмет ережесінің жобасы. Әлеуметтік сала мекемесіндегі психологтың статусының жобасы. Психологтың этикалық кодексі. 1.7 Концептуалды құжаттар-Психологиялық қызметтің тұжырымдамасы. Психологиялық қызметтің моделі (құрылымы) Психолог жұмысындағы мақсатты бағдарламасы. 1.8 Қосымша психологқа арналған құжаттар-Бапкердің сөмкесі (психологиялық ойындар мен жаттығулар). Бейімделу процесін психологиялық қамтамасыз ету.
2. психологиялық-педагогикалық модуль	1.1 Тәрбие мазмұнын жаңарту жағдайында мектептегі тәрбие үдерісін психологиялық-педагогикалық қолдау. 1.2 Мектепте қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету ұстанымдары. 1.3 Психологиялық қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету.

	1.4 Мектептегі білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігінің құрылымдық моделі критерилері. критерийлері. 1.5 Оқушылардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескеріп, нашақорлықтың, уытқұмарлықтың, маскүнемдіктің, шылым шегудің, АҚТҚ жұқпасының алдын алу. 1.6 Психологиялық диагностика қортындысының нәтижесі негізінде дамыту және түзету бағдарламаларын жүзеге асыру және жасау 1.7 Білім беру үдерісін психологияландыру, мұғалімдер, балалар және ата-аналардың психологиялық мәдениетін жоғарылатуды қамтамасыз ету
3. мазмұндық модуль	1.1 Бейімделу процесін психологиялық қамтамасыз ету. Танымдық процесстерді дамыту тақырыбы бойынша материал папка. Тақтаға ілетін материал. Психологиялық шеберлікті дамыту папкасы (білімді жетілдіру курстары, сертификаттар грамота мақтау қағазы. Өткізілетін сабақтардың қысқаша жоспары және бағдарламасы. Кабинет паспорты, мүліктер мен құралдар тізімі. Диагностикалық материалдар картотекасы (әдістемелердің авт.) Психологиялық қызмет көрсету кабинеті жоспары. 1.2 Блум таксономиясы - функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша оқытудың табыстылығын бағалау әдістемесі. 1.3 Белсенді тұлғалар мен балалардың оқу жетістіктерін бағалаудың критериалдық жүйе технологиясы
4. технологиялық модуль	Модульдің мазмұны - Білім беру мазмұнын жүйелі жаңарту жағдайында педагогтердің АКТ-құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін меңгеру. Ерекше қажеттілігі бар белсенді тұлғалар мен балалар үшін қашықтан оқыту технологиясы. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы мобильдік және смарт оқыту. - Мүгедектігі бар белсенді тұлғалар мен балаларды түзете-дамыта оқыту технологиясы.
5. қорытынды бақылау	Бағдарламаға қатысушылардың білімдерін, қалыптасқан біліктері мен дағдыларын тестілеу арқылы бағалау

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Оқу процесін тиімді ұйымдастыру курстың мақсаттарына қол жеткізуге және қатысушыларды барынша дамытуға бағытталған жоспарлауға, әдістемелік қамтамасыз етуге, технологиялық қолдауға және бағалау жүйесіне кешенді көзқарасты қамтиды. «Білім беру жүйесіндегі практикалық психологияны ұйымдастыру» курсы шеңберінде оқу процесін ұйымдастыру құрылымдалуы және оқу мақсаттарына қол жеткізуге бағдарлануы тиіс. Оқу процесін ұйымдастырудың негізгі аспектілері: Күнтізбелік жоспарлау: курстың жалпы көлеміне негізделген сабақтардың егжей-тегжейлі кестесін әзірлеу (80 академиялық сағат). Дәрістерді, семинарларды, практикалық сабақтарды және үй тапсырмасын уақыт кестесіне қосу.

Сабақ форматы: қатысушылардың интерактивтілігі мен оқу белсенділігін қамтамасыз ету үшін сабақ форматтарының әртүрлілігі. Дәрістерді, семинарларды, практикалық сабақтарды, мастер-кластарды, дөңгелек үстелдерді және іскерлік ойындарды, психологиялық көмектерді қосу. Әдістемелік қамтамасыз ету: презентацияларды, әдістемелік құралдарды, ғылыми мақалаларды, кейс-кезеңдерді, ғылыми мәтіндердің үлгілерін және табысты жобалардың мысалдарын қоса алғанда, оқу материалдарын дайындау және ұсыну. Заманауи технологияларды қолдану: ақпаратқа қол жеткізуді және оқу материалымен өзара әрекеттесуді жеңілдету үшін онлайн ресурстарды біріктіру. Қашықтықтан оқыту платформаларын, вебинарларды, виртуалды зертханаларды және бірлескен құралдарды пайдалану. Үлгерімді бағалау: оқытудың әр кезеңі үшін нақты бағалау критерийлерін әзірлеу, соның ішінде өзіндік тапсырмалар, аралық жұмыстар және тестілеу. Қатысушылардың нәтижелерін түзету және жақсарту үшін оқытушылармен кері байланыс және кеңес беру. Мониторинг және бейімделу: қатысушылардың үлгерімін үнемі бақылау және кері байланыс пен бағалау нәтижелеріне байланысты оқыту әдістемелерін бейімдеу. Әртүрлі деңгейдегі және қажеттіліктері бар қатысушыларға қосымша ресурстар мен қолдау көрсету. Оқытушылар тобын қалыптастыру: курсты ғылыми зерттеулер мен педагогикалық жұмыс саласында тәжірибесі бар білікті оқытушылармен қамтамасыз ету. Тәжірибе алмасу және үздік тәжірибелерді әзірлеу үшін бірлескен жиналыстар мен талқылауларды ұйымдастыру.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

	Тақырып	Сағат саны	Оқу түрі	Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету
	Нормативті-құқықтық модуль	8 сағат	Лекция, семинар	Нормативті құжаттар – Бала құқығы туралы халықаралық конвенция. Психологиялық қызмет ережесінің жобасы. Әлеуметтік сала мекемесіндегі психологтың

				статусының жобасы. Психологтың этикалық кодексі. Концептуалды құжаттар – Психологиялық қызметтің тұжырымдамасы. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының жыл сайынғы Жолдауының басым бағыттары.
		2 сағат		Өзіндік жұмыстың түрлері мен оны ұйымдастыру
	Психологиялық-педагогикалық модуль	7 сағат	Практикалық сабақтар, тренингтер	Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі бойынша әдістемелік нұсқаулықтар. Рөлдік ойындар, тренингтік жаттығулар бойынша материалдар, кейс-стади.
		3 сағат		Психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін өздігінен орындайтын жұмыстарын ұйымдастыру
	Мазмұндық модуль	25 сағат	Мастер-класс, практикалық сабақтар	Психологиялық диагностика қортындысының нәтижесі негізінде дамыту және түзету бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша ұсыныстар. Білім беру үдерісін психологияландыру, мұғалімдер, балалар және ата-аналардың психологиялық мәдениетін жоғарылатуды қамтамасыз ету
		13 сағат		Өз бетінше жұмыс: - проблеманың қазіргі жай-күйін білу; - таңдалған тақырыптың негіздемесі; - белгілі нәтижелер мен фактілерді пайдалану; - қойылған мәселенің өзектілігі;

				- қазіргі уақытта ғылыми немесе практикалық маңыздылығын растайтын материал.
	Технологиялық модуль	7 сағат	Практикалық сабақтар, тренингтер	Болжау стратегиясы сыни тұрғыдан ойлау, бақылау әдісі, іскерлік ойындар бойынша әдістемелік материалдар мен жаттығулар
		3 сағат		Ақпараттық технологиялар арқылы өзіндік дағдыларын қалыптастыру әдістемесі
	Вариативті модуль (курстың тыңдаушының таңдауы бойынша)	7 сағат	Дәрістер, практикалық сабақтар, тренингтер	Психологиялық көмек, рөлдік ойындар бойынша әдістемелік материалдар мен жаттығулар
		3 сағат		Өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру мен танымдық қабілеттерін дамыту
	Қорытынды бағалау	2 сағат	Тестілеу	Рефлексиялық жұмыстар. Тестілеу сұрақтары бойынша дайындық.
	Барлығы:	80		

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Бұл біліктілікті арттыру бағдарламасы мекеме, бала-бақша, білім беру ұйымдарының басшылары, оқытушылары, мұғалімдері, тәлімгерлері, мамандары, ассистенттері білімдерінің деңгейін жоғарылату және ЖОО жағдайларында тәсілдемелер мен әдістерді енгізуге жағдай жасау. Бағдарламаға қатысушыларының білімін бағалау мониторинг және кері байланыс арқылы жүзеге асырылады. Бағалау процесі сабақтар барысында және соңғы тестілеу нәтижелері негізінде жүзеге асырылады. Курсты аяқтау кезінде тыңдаушылардың білімдері мен дағдылары нақты анықталады. Бағалау жүйесі, тапсырмалар мен пікірталастарды, тестілеуді қамтиды. Қатысушылардың жалпы бағасы олардың тестілеу бойынша нәтижелері мен белсенді қатысуына негізделеді. Әр модуль бойынша жинақталған ұпайлар мен қорытынды аттестация нәтижелері қорытынды бағаны анықтайды.

9. Курстан кейінгі қолдау

Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар жаңа білімдерін практикада қолдану үшін түрлі ұйымдармен ынтымақтастық орната алады. Олар конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да іс-шараларға қатыса алады. Сондай-ақ, тыңдаушылар өз білімдерін одан әрі тереңдету үшін

қосымша тренингтер, вебинарлар және мастер-класстарға қатысу мүмкіндігіне ие болады. Бағдарлама аясында тыңдаушылар зерттелген тақырыптар бойынша әдістемелік және нормативтік құжаттармен таныса алады, сондай-ақ тақырыпқа қатысты әдебиеттер мен зерттеу нәтижелерімен жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

Бағдарлама материалдары Қазақстан Республикасында білім берудің өзекті мәселелерін, практикалық психологиямен айналасатын мамандар пайдаланатын әдістер мен тәсілдерді меңгеруді көздейді.

10. Негізгі әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы (2023 ж. 10.09. берілген өзгерістер мен толықтырумен);

2. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы (2023 ж. 01.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен);

3. Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 30 шілдедегі Заңы (2023ж. 03.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен);

4. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ (26.06.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) Заңы;

5. Қазақстан Республикасының «Мүгедектігі бар студенттерді әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы (2023ж. 1.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен);

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидалары (2023ж.17.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен);

7. ҚР Білім және ғылым министрінің «Университетке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы (№ 561 бұйрық, 30.12.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен);

8. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы;

9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 20 наурыздағы

№ 137 бұйрығы (2023ж. 03.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен);

10. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Университетке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (2023ж. 07.10. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен);

11. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары (2023ж. 19.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) («Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламалары 34, 67, 126 қосымшалар);

12. ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы (ҚР Оқуағарту министрі № 96 бұйрығы. 2023 жылғы 13 сәуірдегі жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен, 14.07.2023);

13. Исакова А., Мовкебаева З., Закаева Г., Айтбаева А., Байтурсынова А. Основы инклюзивного образования. – Алматы – 2013.

14. Мовкебаева З., Денисова И., Оралканова И., Жакупова Д. Инклюзивное образование.- Алматы – 2013.

15. Намазбаева Ж.И.,Сарсенбаева Л. О. Особенности психофизического развития детей с особыми потребностями. Алматы, 1999.-157б.

16. Исакова А.Т., Үсенова С.М., Закаева Г.С., Заурбекова З.А.- Инклюзивті тәжірибе: білім беру процесін бейімдеу және түрлендіру// Оқу құралы. 2018 жыл.

17. Сарыбекова Ж.Т., Үсенова С.М., Сағындық Т.А.-Жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беру//Оқу-әдістемелік құрал 2020 жыл.

18. Сарыбекова Ж.Т., Үсенова С.М., Сағындық Т.А.-Инклюзивті білім беру жағдайында университет жасына дейінгі балаларды психологиялық – педагогикалық қолдау//Монография 2021 жыл.

19. Оспанбаева М.П. -Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі: оқу құралы / М.П. Оспанбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 232 бет.

Курстың инновациялық толтырылуы

Электронды кітапхана

1. [http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-](http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-nnazarbaeva-narodu-kazahstana-17-yanvary-2014-g)

[kazakhstan-nnazarbaeva-narodu-kazahstana-17-yanvary-2014-g](http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-nnazarbaeva-narodu-kazahstana-17-yanvary-2014-g)

2. <https://e.edu.kz/68> «01» маусым 2015 жылғы ҚР БҒМ №348

3. Исакова А.Т., Үсенова С.М., Закаева Г.С., Заурбекова З.А.-
Инклюзивті тәжірибе: білім беру процесін бейімдеу және
түрлендіру//Электрондық оқу құралы 2018 жыл

4. Сарыбекова Ж.Т., Үсенова С.М., Сағындық Т.А.-Жоғары оқу
орындарында инклюзивті білім беру// Электрондық оқу құралы 2020 жыл.